

Тапсырма:

Берілген аңызды оқып шығыңыз.
Көлдің жалпы ауданы 16,5 мың шақырымды құрайды. Пішіні жарты айға ұқсас. Оның ұзындығы 600 км, ал ені 70 км-ге дейін жетеді. Ең терең жері – 26 метр. Геологтардың пікірінше, ол 35 000 жыл бұрын пайда болған. Ежелгі аңыз бойынша,есімді сиқыршының, Іле деген қызы болған. Ол өз қызын ең мықты жігітке күйеуге шығарғысы келген. Осы мақсатта сайыс өткізіп, оған ең бай жауынгерлер мен көпестер қатысты. Бірақ, бұл байқауда қарапайым бақташы Қаратал жеңімпаз атанып, Іле екеуі түнде әкесінен қашып кетті. Бұған ашуланған оларды өзендерге айналдырды. Ал, сиқыршының өзі, екі өзеннің қосылуына жол бермеу үшін, көлге айналды. Аты аңызға айналған бұл көл өз ерекшелігімен танымал.

Сұрақ:

- 1. Көлдің атауын тауып, географиялық орнын сипаттаңыз
- 2. Көлдің ең негізгі ерекшелігін және себебін анықтаңыз
- 3. Көлге құятын өзендерді атаңыз
- 4. Мәтінде кездескен гидронимдердің үш тілде транслитерациясын жазыңыз.
- 5. Мәтіндегі гидронимдерді кескін картада бейнелеңіз
- 6. Мәтінде кездескен гидронимдердің мағынасын түсіндіріңіз



Дескриптор:

- көлдің атауын анықтайды;
- көлдің ерекшелігін атап, себебін талдайды;
- көлге құятын өзендерді анықтайды;
- гидронимдердің атауын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазады;
- аталған гидронимдерді кескін картаға түсіреді;
- гидронимдердің мағынасын түсіндіреді.